**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: Кт-9-01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақстан тарихы

Облыс/қала (область/город): Орал қаласы

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Нұртай

Аты (Имя): Ая

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №1 ДБАОЖМЛИ

Сынып (Класс): 9

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақша

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором Қт-9-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

"Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаддан босамайды, ер құлдықтан, әйел күңдіктен шықпайды, басына да малына да ие болмайды."

Ә. Бөкейханұлы

„Өткенін білмейтін халықтың болашағы бұлыңғыр" демекші, тарих – өткен мен бүгінді байланыстыратын алтын көпір. Қазақстан тарихы – ұлттық өмір сүруі үшін жүргізілген үздіксіз күрестен құралады. Биыл, тұғыры биік, кең байтақ еліміздің тәуелсіздігіне 3[illegible] жыл болды. Мемлекеттілігімізді қайтару жолында талай рет тар жол тайғақ кешті. Қанның ексесін езсе де, рухы сынбаған қазақ (халқы азат) халқының азаттыққа жету жолын бірі білсе, бірі білмейді. Шегі жоқ кең даланы мекен еткен сақтар мен ғұндардан бастау алып, Алтын Орда заманында кемелденіп, XV ғасырдың II жартысында Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығын құруына жетеді. XVIII ғасыр бодандық оразы болып Қазақстан Ресей бодандығына кірсе, XIX ғасыр ұлт-азаттық қозғалыстармен ерекшеленеді. XX ғасырда М. Дулатұлы жырламақшы:

„Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас ты", – қазақ ұлтының көзі ашылып, оянған болатын. XX ғасыр ұлт ретінде дамуымызға, XVIII ғасырда айрылған мемлекеттілігімізді қайтаруға мүмкіндік берді.

„Көкіректе сайрап тұр,
Қолды заман байлап тұр", – деп Ә. Бөкейханұлы айтпақшы, қазақ (~~[illegible]~~) зиялылары тіпті байланған қолмен ұлт болашағы жолында аянбай еңбек етті. Жоңғар шапқыншылығы, „Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама",

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қанды жексенбі, 1921 және 1932-33 (жылдар) болған аштық сынды зұлмат жылдардан еңсеріп, мың өліп мың тірілген қазақ халқы ерлік пен елдіктің қасиеттей, батырлық пен батылдықтың иесіндей жолда тұрған кедергілерге төтеп берді. Қазақ үшін бірден-бір ауыр кезең - „тоқырау" X мерзімі еді.

1. КСРО ежелден сапасын емес санын X- көбейтуінен нәтиже күтетін. 1965 жылғы Брежневтің экономикалық және ауылшаруашылық реформалары бұның айқын дәлелі. Үкімет экономиканың тығырыққа (тіреу) тірелуінің шешімі - экономикалық реформалар деп санады. Алайда, олар интенсивті емес экстенсивті бағытты мақұлдауды жөн көрді. Мәселен, егіншаруашылығында олар дәнді-дақылдардың сапасына не түріне (қарай, санына) қарамай, санына мән берді. Малшаруашылығында да жағдай нашарлап, күйреуге алып келді. Экстенсивті дамудың салдарына, қажетті тауардың тапшылығы мен қажетсіз заттардың тым көп шығарылуын жатқызамыз. Дүкен сөрелерінде ең қажетті, қарапайым (нан, сабын, май) өнімдер табылмады. Сол кезде үкімет өнімдерді алдын ала, есеппен шығаруының нәтижесінде, артық өндірілген тауарлар пайда болды. Сонымен қатар (қа-) XX ғасырдағы Қазақстан экономикасы тек шикізаттық бағытта дамыды. Елде жеңіл және тамақ өнеркәсібінің дамуы тежелді. Жалпы экономика саласына көп көңіл бөлу, басқа салалардың көлеңкеде қалуына алып келді. Брежнев идеологияны да сол салаға бұрып, еңбеккерлерді көптеп насихаттады. Балалар мектеп бітірген соң 3 жыл елге қызмет ету керектігінен, жасөспірімдерді мал бағуға жіберді. Олардың да мақсаттары ел үшін еңбек ететін жұмысшыға айналу болды. Балалар мектепте жүріп білім, ғылым ізін қуу емес, комсомол не егінші болуды алдына мақсат етті. Қорыта айтқанда, „Ел болғын келсе, бесігінді түзе" дегендей үкімет өскелеңдерге мектеп кезінен идеологияны сіңіре бастады. Экстенсивті экономика нәтиже бермей, жағдай дағдыға түсті. Ал ел көндіктеріне сай экономикалық әдебістік қажет: шикізат өңдейтін зауыттармен қатар, өнім шығаратын зауыттар болу керек.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

 Қт-9-01



2. XX ғасырдың II жартысында барлығына белгілі „тоқырау" кезеңі орын алды. Оның орнауының бірден-бір себебі - саяси (~~жүйедегі~~ реформа) жүйеде реформаның жүргізілмеуі. Тоталитарлық, социалистік, әміршіл-әкімшіл саясатты ұстанған КСРО-ның саяси жүйесі еш өзгермеді. КОКП сипатына:

1) жеке тұлғаны басып-жаншу;
2) Демократияның жоқтығы;
3) Еңбеккерлерді мүліктен айыру;
4) Халықты мемлекет басқаруына жібермеу;
5) Адам құқықтарының жаппай бұзылуы;
6) Сөз бен істің сәйкессіздігі сынды факторлар жатады. Конституция бойынша, КСРО құрамындағы халықтар еркін кіре не шыға алады. Ал Кеңестік Одақ (демократиялық) іс жүзінде) іс жүзіне мүлде сәйкес келмеседі. Саяси өмірде өзгерістер жоқ еді. 1956 жылғы КОКП XX съезінде сталиндік жеке басқа табыну шылық айыпталып, ГУЛАГ лагерлер жүйесі жойылады. Съезден кейін бірқатар зиялылар (С. Сейфуллин, Б. Майлин) ақталғанымен, ұлт жанашырлары „халық жауы" болып қала берді. Ж. Тәшенов, (сынды т.б.) Ө. Жәнібек, Қ. Сәтпаев сынды жандар ел мүддесін қорғап, оны басшылыққа жеткізіп отырды. КСРО ~~жаңа~~ бейбіт мемлекет ретінде өзін көрсеткісі келгенімен, олай болған жоқ. Әлеуметтік жағдайда көмек урбанизация процесі қарқынды жүрді. Транспорт түрлері дамып, ЖОО мен мектептер, техникалық училищелер көптеп ашылды. Ауылдарға жарық, электр сынды қажетті ресурстар әкелінді. Алайда, Қонаев билігі тұсында қазақ мектептерінің жабылуы мен қазақ тілінің ығыстырылуы ұлт болмысына зардап алып келді. „Халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін білмейтін кісі көп басын да алып жүре алмайды", деп ұлт көсемі айтпақшы Кеңес үкіметі өркениет көшіне ілесе алмай, социализм бағытын таңдауды жөнсіз. КОКП-ны елдің саяси ядросы (6 бап) деп жариялаған КСРО тоқырау кезеңін өткеріп, қайта құруға қадам басқанда тарап кетті. Саяси өмірде жастар ұйымдарының да септігі тиіп, ұлт болашағының жарық болуы үшін күресті



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

3. Кеңес үкіметінің ұйымдаспаған, ойластырылмаған іс-әрекетінің зардабы табиғатқа да әсер етті. Қазақстан шикізат базасы болғанымен қатар сынақ алаңына айналды. Алаш партиясының қағидаты алынған:
1) Жер-қазақ халқының мұрасы. Оны жекеменшікке беруге не сатуға болмайды.
2) Қазақ жерінің үстіндегі мен астындағы бар байлық мемлекеттілік идеясына қызмет ету керек", - деген қағидаттар түбегейлі бұзылды. Жерді мемлекеттік меншік деп жариялап, бар байлықты өз мүддесіне қолданды. 1947 жылы Семей полигонын ашу жөніндегі құжатты мақұлдап, 1949 жылы алғашқы жарылыс өтті. 1953 жылы алғашқы термоядролық бомба, 1955 жылы сутегі бомбасы жарылса, 1961 жылы тұңғыш ядролық жерасты жарылыс өткізілді. Ауа мен топыраққа сіңген радиация жылдар бойы өз әсерін тигізді. Полигон Курчатов аймағында орналасып, 4 облыстың түйіскен жерінде салынды. Халық эвакуацияланғанымен қайта (кейіннен) келгеннен кейін зардап шекті. Жалпы 470-ке жуық жарылыс өтті. Қазақстанда басқа да сынақ алаңдары болды. Олар: Оралдағы Капустин-Яр, Аралдағы „Возрождение" және т.б. Аралда биологиялық қарулар жасалып, сыналды, 1955 жылы құрылысы басталған алғаш космодром Байқоңырда салынып, қазірге дейін жұмыс істеуде. ~~Ала~~ 1961 жылы 12 сәуірде тұңғыш космонавт Юрий Гагарин ғарышқа ұшты. Кейін қазақтан бірінші болып Т. Әубәкіров, ал содан соң Т. Мұсабаев пен А. Айымбетов ғарышты зерттеді. Зымыранның отыны ~~тін~~ ретінде гептил алынды. Зымыран бөліктері жерге түскен сәтте, табиғатқа үлкен зиян келтірді. Себебі, гептил түскен жерде шөп өспейді, ал мал қырылады. Бұл, табиғатқа толтырылмас, орны толмас зардап алып келді. Қорытындылай келе, XX ғасырдың II жартысында ұйымдастырылмаған әрекеттің әсерінен табиғаттың нашарлауы экологиялық мәселеге айналды. Көп жерде еленбеген бұл мәселе қазаққа ауыр тиді.
4. Тоқырау тұсында халық жағдайы сүйінарлық болды. Білім, медицина, тұрмысқа жағдай жасалғанымен, оның бәрі жасанды болып, кадрлар сырттан жайды.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қазақ мектептері көптеп жабылып, ұлт мәселесі өрбіді. Жасөспірімдерді мал бағуға, егіншаруашылығына мектеп бітірісімен жіберу, олардың қалаулары еленбеуі мәселені шиеленісті. Тауар тапшылығы, нан үдерісі халыққа ауыр тиді. Демократияның жоқтығы, ұлт мүддесінің еленбеуі де наразылық туғызды. Сөз еркіндігі жарияланғанымен халық қорқынышта өмір сүрді. Қуғын-сүргіннің жаңа тәсілдері пайда бола бастады. Мәселен, шығыс қазақстандық орыс тілі мұғалімі Еликбаев ұлт мәселесі жайында Хрущёвке хат жазып, ақырында ақыл-есі кем деп жындыханаға жатқызылды. А. Жәкібаев та жастайынан М. Жұмабаев секілді тұлғаларды оқып, үнпарақ таратқаны үшін жындыханаға кетті. Сол кездерде жындыханада 90 мыңдай адам жатты деседі. Халық бұқарасы наразылығын білдіруге шамасы болған жоқ, ондай мүмкіндік те болмады. Биліктегі ұлт жанашырлары барынша білім, ғылым, мәдениет салаларын дамытуға атсалысты. Қорыта айтсақ, өмір сүру жағдайын жасағанымен, ұлт үшін орны толмас қасірет алып келді.

5. XX ғасырда орыстандыру процесі кең етек жайды. Іс қағаздарында орыс тілі қолданылды, қазақ кітаптарының таралымы азайды, қазақ радиосының сағаты қысқарды. Оның зардабы мәдениет пен өнерге де тиді. ~~Ұлт~~ Жариялылық жарияланғанымен, цензура өз күшін жоймады. Шығарманың шығар алдында міндетті тексерістен жүрді. Қатал қысым көрсеткенімен, ұлт зиялылары өз еңбектерін жарыққа шығара берді. С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, М. Әуезов. Б. Момышұлы, Снегин сынды жандардың шығармалары ел арасында танымалдыққа ие болды. С. Мұқанов өзінің „Өмір мектебі" повесін, Снегин „Алыс шептегі қыр", Ғ. Мұстафин „Шығанақ" шығармаларын шығарды. Б. Момышұлы „Соғыс психологиясы", „Артымызда Мәскеу", „Волоколамск тас жолы", „Ұшқан ұя" туындыларын жарыққа шығарды. Қазақ киносы айрықша дамыды. „Менің атым Қожа", „Шабандоз қыз", „Біздің сүйікті дәрігер", „Тақиялы періште" фильмдері түсіріліп, үлкен қаралымға жетті. Қ. Байсейітова Кеңес Одағының халық әртісі ~~әртісі~~ марапатына ие болды. Роза Бағланова, М. Өмірзақова, Ш. Жиенқұлова секілді қазақтың намысын қорғап, өнерін паш еткен дарындар



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
Қт-9-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 6

пайда болды. Ө. Жәнібек ұлт өнерін дамытуда, мәдениетін әлемдік деңгейде таныстыру жолында ерен еңбек етті. Сурет өнері де / өнерінің де негізі қаланып, алғашқы кәсіби суретші Ә. Қастеев атанды. „Өз өзіне қасқырша шауып отырған жұртқа оқу-білім болмайды", - деп Ә. Бөкейханұлы айтпақшы ұлт мәселесіне келгенде халқымыз тұжырымдай тұмылады.

Қорытындылай келе, сан ғасыр тарихы бар Қазақ халқы кез-келген сынаққа төтеп беріп, өз ерекшелігін, дәстүрі мен мәдениетін берік сақтады. 370 көтеріліс, Желтоқсан оқиғасы, Алаш партиясы мен автономиясы, мұның бәрі ұлттық азаттық жолындағы күресінің айғағы. А. Байтұрсынұлы айтпақшы „Сөздің ең ұлысы-тарих", тарих - бабалар аманаты, ұлт айнасы. Еңбектеген сәбиден, еңкейген кәріге дейін ұлт тарихын біліп, оны кейінгі ұрпаққа, ата-баба аманаты үшін келешек өскелең ұрпаққа жеткізуге міндетті. Тарих - ғасырлардың сабақтастығы. Ел үшін еңбек етер, қолына қалам алып ақ парақты ермек етіп, еңбек жазғандар, барлығы тәуелсіздігіміз жолында қызмет етті. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылған халқымыздың еңбегі ақталып, желісін көрудеміз. Алаштың ізімен жүріп, бағдарламасын негізге алған Қазақстан Республикасының болашағы біздің қолымызда! Ата-бабамыз қорғап қалған жерді, сақтап қалған ұлттың болмысты қастерлеу біздің борышымыз. Ұлтымыздың жарқын келешегі үшін атсалысу жастардың міндеті.

1 - Ақпанцра 2019 (Қабылдинов)

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: Ҳm-9-02
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақстан тарихы

Облыс/қала (область/город): ____________

Аудан (район): ____________

Тегі (Фамилия): Мұхамедова

Аты (Имя): Аерке

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат. №11 ЖББ ОМ

Сынып (Класс): 9а

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

"Дүние жүзілік соғыс кезінде елдің экономикалық ерекшелігі артты. Себебі; соғыс кезінде Қазақстан экономикасы тоқтап қалмады. Керісінше айтарлықтай дамыды. Украина, Ресейдің өзінен айтарлықтай 200-ге жуық өнеркәсіп орындары көшіп келген болатын. Дегенмен, бұл тек санға ғана көңіл бөлгендіктен елдегі экономика құлдырай бастады. Сталиннің қайтыс болуы елдегі жағдайды қайта саяси Хрущевтың жылымық кезеңі 1964 жылы экономикалық реформа өз жұмысын бастайды. Оның бас-қасында Косыгин жүрді. Оның реформасы елді жедел дамыту, өнеркәсіптер салыстыруға басы назар аударды. Сондықтан бұл реформа кезекті сәтсіздікке ұшырады. Елдің экономикасы экстенсивті мадиин әрі қарай жалғастырды.

Хрущевтың жылымық кезеңі басталған кезде ел жаңадан түсті. Репрессия құрбандарының біразы тарапы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кешірім беріліп, ақталған болатын. Сталиннің саясатын жаңа ысырып ел қалана кірісті. Халықтың тұрмыс-тіршілігі онға бағып, жоғары түзелді. Бірақ, "сталиншілдік" қалдықтары кейде көрініс те тапты. Женебаска табынушылық саясаты тоқтамады. Бірақ билік бір адамға ғана тиесілі болды. Халыққа жұмыс беріп, жұмыспен қамтыды. Өз жерлеріне өздері иелік етті. Еріктілерде аз емес еді. Немістердің соғау автономиясын (1947) құлағында, бірнеше жылдар өткен соң, қайта өз жерлері бар селді сұрауы, халықтың наразылығын тудырмай қоймады. Халық наразылық шеруін ұйымдастырып, өз жерлерін сұрап қалған болатын. Бұл таңдау салтуетін жаңтан көрініс тапқан болатын. Әлеуметтік-саяси өмірдің сипаттамалары: елдегі жағдай билік өкілдеріне аудармашылық түйірді деп айтуға бол келікөрінді: Ауылшаруашылығы, ауылдағы ұжымшарлардағы мәселелер біліктің жұмысына жетпеді. Халықтың көпшілігі өз наразылығын білдіре алмады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Экология жайында Байқоңырдың іске қосылуынан адамдардың радиация жерін ұшыратпай қоймады. Белгілі білім өкілдері де бұл жағдайдың кері жерін көрді. Мәселен, Шаяхметовтың Байқоңырға барып оның тікелей өліміне жақ соқты. Радиоактивті нәрселердің кесірінен ол рак ауруынан көз жұмған еді. Елдің экологиясы айтарлықтай мәз емес еді. Қаруімен сынақтардың зардабы, одан шыққан түтіндер, темірнолдар газдары ауаны ластап жалпы денсаулығын нашарлатты. Алғашқы кезеңде мәз болмады. Химия өндірісінің дамып алдың жаңалықты көтере, жалпы жағдайын нашарлатты. Адамдардың тұрақсыздығы орын алды. Елімізде бұл жағдайды шеше алмады. Себебі, бұл мәселелер саясатқа қарсы болып келеді.

Халықтың өмір сүру деңгейі. Тоқырау дағдарысшылардың саны тоқтамады. Биліктің ағарлық мәселелерді шешпеуі, шешседе тек уақытша болып жалғуттығ сенімсіздігін туғызды. Жұмыссыздардың табыстың артпауы, салықтың көбею баған салтуы жалпы жағдайын нашарлатты. Халыққа салықтың тапшылығы қала елінің күрт өсуіне жол соқты. 1970-80 жылдары ауылдың балалары, студенттері қалаға ағылуы. Барлық халық кеңес жалды деген атқа ие болуы, қазақ аты ұмытылдар дегенмен бірдей еді. Тоқыраудың зардаптары халықты құлдыратты. Байланыс құралдары, техникалық базалар жетіспеді. Қалаға арман қуып келген жастардың үміті үзіліп, үміметтің ештеңе істемей отырғандарын көріп, ауылдарына қайтқанда, Олардың тұрмысың мазалап, ашылуларда орын алды. Реформаларда әттсіз-дікке ұшырап, ел ауқаты ешқандай жақсармады. Кеңестің кедейлік, идеологиялық саяси дамуы халықты қарақұлықта отырғызды.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қоғамның мәдениеті және рухани өмірі: Қоғамдағы мәдениет қазақтардың ашылуына ықпалын тигізді. Себебі, елдегі ~~[illegible]~~ тоқырау кезіңі жоғалғанын құнцару басып қана есептелді. Дегенмен халықтың білімін жақсарту негізінде 1949 жылы жетіжылдық білім жүйесін кірістірді. ~~[illegible]~~ Мектептерге көзіл бәрінің ол туралы қаулылар қабылданды. Жаңадан пәндер енгізілді: "Отбасылық өмірдің психологиясы мен этикасы", "есептеу техникасы және информатика негіздері" сияқты пәндер. 1959 жылы жаппай сегізжылдық мектептер ашылды. Оқушылар саны өсіп, оқулықтар шығарыла бастады. Заманға сәйкес әр оқушы ана тіліндегі оқулықпен қамтамасыз етілді. "Алпысыншы жылдар" буыны елдің рухани дамуына идеологияға өз ~~көз~~қарастарын білдіре отырып, әртүрлі шығармалар жазды. Фильмдер: "Алдар Көсе", "Қыз Жібек" сияқтылар жарық көрді. 1931 жылы "Кеңестік Қазақстан" хроникалық фильмі жарыққа шықса, дәл сол атпен журналдың алғашқы нөмірі басылды. Ә.Нұрпейісовтың шығармалары мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Әмірзақова, Байсейітовалар әртүрлі рөлдерді сомдап, мемлекеттік сыйлықтарға табысты. "Абай жолы" романы 1949 жылы сыйлыққа ие болып, Абай атауымен газет шықты. Редакторы – Ж.Аймауытов, көмекшісі ретінде ~~[illegible]~~ Абайдың жиені М.Әуезов жүрді. Ғ.Мүсіреповтың, С.Мұқанов, М.Әуезовтың шығармалары сол кездегі танымал болды. "Өтті таулар", "Сырдария", "Біздің ауылдың қызы" т.б. шығармалар басылып, кітапханаларда, ~~[illegible]~~ оқырмандар қолдарында жүрді. Батыр әрі жазушы ретінде Бауыржан Момышұлы қаламымен өз туындыларын дүниеге келген. Бірқатар шығармалар сыйлықтарға да ұсынылған.

Қорытынды: Бұл жазылғанды қорытындылай келе халқымыздың жаңаша ғылымның көркейін, елдің маты-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

май берілгендігін, соғысқа дейін күрескендігі үшін атын айтамыз. Елдің дамуы деп көз майын тауысқан әрбір қазақ, ақын, батырдың бұл еріктері балаларына үлгі-өнеге ретінде тарихта алтын-әріптермен көрініс табады. Қазіргі күнмен салыстырғанда, қазір бәрінің құқығы, теңдігі бар. Қала мен ауыл байланысы да дамыды. Жаңғыра жүйесі де шешіліп жатыр, экономика нарықтық сипат тауып өз бағытымен жүріс жүргізуде. Бұл жаңа Қазақстанның бейнесі. Ел алаңсыз, дағдарыссыз, халықтың демографиялық өсіп, әл-ауқаты экономикаға сай сипат көрсетуде.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: Қт-9-03
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақстан тарихы

Облыс/қала (область/город): ______

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Сайлау

Аты (Имя): Айшабибі

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. №11 ЖББОММ

Сынып (Класс): 9

Оқыту тілі (Язык обучения): Қазақ

Міне бүгін көзді ашып жұмғанша тәуелсіздігімізге 34 жыл толып отыр. Тәуелсіздік қазақ халқының байырғы заманнан бері аңсаған асыл арманы. Десе де бұл күнге жету үшін біздің ата-бабамыз қаншама қиындықты көрді емес пе? 1731 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайыр Анна Иоановнаның алдында Ресейдің қорғанында болуға ант бергеннен кейін, Ресей бізді біртіндеп отарлай бастады. Содан соң түрлі қисынсыз, түк жоспары жоқ реформалар, 1916 жылы ұлт-азаттық сипаттағы көтеріліс, 1931-1933 жылдар аралығындағы ашаршылық, 3 кезеңге созылған репрессия сынды оқиғалар біздің жерімізде, біздің ұлтымыздың арасында болып жатты. Былайша Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды». Шын мәнінде, сол кезеңдер біздің халқымыз үшін ауыр соққы болды. Кеңес жүйесі біздің халқымызды өтірік идеологиямен тұншықтырып, одан әрі қанай берді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО «Қырғи қабақ соғыс» жағдайында болғандықтан оның не экономикасы, не халық жағдайы дұрыс дамымады. Кеңес басшылары тек шикізаттық бағытта дамып, жеңіл емес, керісінше ауыр өнеркәсіпке исан мән берді. Соның кесірінен кеңес жүйесінде әлеуметтік-экономикалық мәселелер одан сайын ушығып, жайлап КСРО-ның құлауына негіз бола бастады. ~~(Міне осылайша, біздің бүгінгі күнімізге жетіп отырмыз)~~

1. Жоғарыда айтып өткенімдей КСРО-ның құлауына себеп болғандардың бірі - экономикалық мәселелер. КСРО өзінің құрылғанынан бастап тек экстенсивті экономикалық даму жолын таңдады деуге болады. Экстенсивті дегеніміз ол сапаның емес, санның маңыздылығы. Әрине, 1921 жылы ЖЭС кішкене болсын интенсивті даму жолында болған шығар, бірақ ол да көпке ұзамады. Сөйтіп КСРО-да 1964-1985



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

жылдар аралығын қамтитын тоқырау кезеңі басталды. Брежнев билік басына келгеннен кейін өзінің жанына тек достары мен таныстарын жинап алды. Жасы үлкен кісінің елді басқара алмайтындығы белгілі болды, алайда кеңес жүйесін ол алаңдатпады. Сөйтіп, Брежнев елді 18 жылдай басқарып, сол жылдары экономиканы экстенсивті бағытта дамытты. Брежневтің келісімен Қазақ КСР-нің бас хатшысы болып Д.А. Қонаев қайта сайланды.[1]

Ол келген соң жаңа зауыттар салынды. Бірақ та олардың көбісі шығаратын өнім сапасы болды деп айтуға келмейді. Олардың тең жартысы сұранысқа ие емес, тұтынуға жарамайтын тауарлар еді. Ел экономикасы шикізаттық бағытта ғана дамыды. Қазақстан сыртқа тек шикізат шығарып, өзі дайын өнімді сатып алып отырды. Осылайша бұл жылдары ел экономикасы экстенсивті даму жолын жалғастырды.

3. Түрлі экономикалық қайшылықтар мен басшылықтың немқұрайлылығы елде түрлі мәселелердің ушығуына әкеп соқты. Соның ішінде КСРО-да экологиялық мәселелер кең етек алды. Хрущев 1954 жылы бастаған тың игеру саясаты, ақыр соңында жердің эрозияға ұшырауын болдырды. Сонымен қатар Батыс Қазақстандағы Капустин Яр, Семейдегі Семей полигоны, Аралдағы Барсакелмес сынды жерлерде экологиялық мәселелердің негізгі ошағына айналды.[1] Мұндай ошақтар 1964-1985 жылдары да көрініс тауып, тіптен ушыға түсті.

Ең алдымен, Капустин Яр мен Семей полигонының кесірінен жан-жануарға, оған қоса жер астына радиация шашырады. Семей полигоны 1947 жылы ашылуға шешім қабылданған, 1949 - 1986 жылдар шамасында 470-тей жарылыс жасап, елдегі экологиялық мәселелердің туындауына Негізгі себеп болды.[1] Оның радиация сынағының кесірінен мутант өсімдіктер мен жануарлар, тіпті адамдар да пайда болды. Жер радиацияны


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

өзіне сіңіріп, әлі күнге дейін кесірін тигізіп отыр. Сонымен қатар 1955 жылы ашылған Байқоңыр ғарыш айлағында экологиялық мәселелердің ошағы.[1] Онда 1961 жылы бірінші ұшқыш Ю. Гагарин ғарышқа ұшқаннан кейін, түрлі сынақтар өткізілді. Сөйтіп атмосфера бұзылды. Барсакелмеске келетін болсақ ол тіпті бактериологиялық сынақтар жүргізетін алаң еді. Оның кесірінен Арал суының тартылуы орын алды. Міне осылайша, меніңше, осындай түрлі сынақ алаңдары (жерлер) біздің жерімізде экологиялық мәселелердің ушығуына себеп болды. Олардың кесірінен елдің литосферасында, атмосферасы мен гидросферасында қиын жағдайға түсті. Сөйтіп 1964-1985 жылдары елде экологиялық мәселелер одан сайын ушыға түсті.

2. Тоқырау жылдары экономикалық жағдаймен қатар әлеуметтік-саяси өмірде де бірқатар өзгерістер орын алды. Бұл жылдары елде әлеуметтік әрі саяси қайшылықтар туындағанымен ел басылары ішінара болсын оны шешуге тырысты. Солайша халық жағдайы кішкене болсын жақсарды. Мәселен, Қонаев ел басқарған жылдары „Медеу" мұз-айдын кешені және „Отырар", „Достық" сияқты бірқатар қонақ үйлерді салына бастады. Сондай-ақ білім беру жүйесінде бірқатар реформалар жүргізілді. 1962-1963 жылдары міндетті 8 жылдыққа көшсек, 1984 жылы міндетті 11 жылдық білім алу енгізілді. 1981-84 және 1985-90 жылдар аралығында білім алуда 2 кезеңдік реформалар жүргізілді. Әлеуметтік өмірде сондай-ақ маскүнемдікке, жемқорлыққа қарсы қозғалыстар орын алды.[1] Десе де саяси өмір аса қатты дамымады. Бұл салада еш реформалардың басталуы саяси-жүйенің әміршіл-әкімшіл болып қалуын көздеді. Ел әлі тоталитарлық мемлекет болып қала берді. Адамның жеке басы жан-жақтан бақыланатын болды. Саяси жүйенің дамымауы әлеуметтік салада бірнеше қиындықтар тудырды. Кеңес үкіметі де,


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 4

Қаз КСР-де әлеуметтік мәселелерді шешуге тырысуымен ол аса қатты нәтиже бере қоймады. Керісінше қайта-қайта білім алудың өзгеруі қарапайым халыққа қиынға түсті. Ол меніңше, жасалған реформалардың жоспарсыз және ұйымдаспаған түрде болуынан. Осы тоқырау жылдарындағы әлеуметтік-саяси өмірдің сипаты осындай болды. КСРО қайтадан экономикаті бағытты ұстанып, сапалы емес, бірақ саны жағынан көп реформалар жүргізуін қоймады.

4. КСРО-да болған түрлі реформалар нәтиже алып келмегенімен халықтың өмір сүру деңгейін одан сайын түсіре берді. КСРО сияқты тоталитарлық мемлекетте өмір сүру халық үшін, соның ішінде қазақ халқы үшін аса қиын еді. Әсіресе 1970 жылдарға таман көптеген қазақ мектептері жабылып, қазақ балалары орысша оқуға мәжбүр болды. Сондай-ақ білім беру жүйесінің өзгеріп тұруы да қарапайым халық үшін қиын еді. Кеңес жүйесі өзінің халқына мейірімсіз қарады. Халық жағдайының нашарлауына демографиялық мәселелерде әсерін тигізді. Орыстардың көші-қоны мен урбандалу халықтың өмір сүру деңгейін нашарлатты. Десе де соғыс жағдайынан шыққан кеңес халқы үшін бұл кезең гүлденген кез болып көрінді. Дей тұрғанмен, шынында басшылық халықты идеологиямен тұншықтырып, іс жүзінде халықты қанап жатты. Осындай жағдайлар тоқырау кезеңінен кейін 1986 жылғы „Желтоқсан оқиғасына" ұласты. Өйткені халықтың өмір сүру деңгейін орыстандыру саясаты күрт нашарлатып жатқан тұғын.

5. Осы жылдары қаншама қиындықтар болғанымен тоқырау кезеңінде қазақтың мәдени және рухани өмірі дамыды. Балет және опера өнері дами түсті. Түрлі фильмдер жарық көрді. Сонымен қатар І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Әуезов, Ғ. Мұстафин сынды жазушылар өз еңбектерін жарыққа шығарды[1]. Мәселен, О. Сүлейменов өзінің

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Азия", сонымен қатар 1961 жылы Ю. Гагарин ғарышқа ұшқанына арнап „Адамға табын, Жер, енді" әнін шығарды[1]. Алматы киностудиясы „Қыз Жібек", „Менің атым Қожа" және сол сияқты фильмдер түсірді. Сонымен Ж. Байсейітова, Ә. Қастеев сияқты мәдениет адамдары да танымала бастады. Рухани өмірге тоқталсақ осы кезеңнің ортасында халық арасында демократия деген сұраныс өсті. Қазақ халқының сана-сезімі ояна бастады. Міне осылай тоқырау дәуірінде Қазақстанның мәдениеті менің ойымша жаңа деңгейге шықты. Біздің „Алдар Көсе", „Біздің сүйікті дәрігер", „Шабандоз қыз" сияқты отандық фильмдеріміз жарық көрді[1]. Соның арқасында қазақ отандық кинематографиясы дамыды. Біздің мәдениетіміз саласынан жақсы нәтижелер көрсетті.

Қорытындылай келе 1964-1985 жылдары Қазақстан өзінің басынан біршама қиындықтарды өткізді. Бұл жылдары КСРО-ны Брежнев, ал Қаз КСР-ді Қонаевтың басқаруы біршатар қиындықтар тудырғанымен кейбір салаларда аз болсын оң нәтижесі көрсетті. Біздің саяси түйсігіміз бен экономикамыз сол баяғыша дамыса да, әлеуметтік әрі мәдени салада біршама өзгерістер орын алды. Қазақ өнері дамып, халық жағдайын жақсартуда реформалар іске асырылды. Дегенмен де, бұл жылдары да КСРО-ның сұрқы саясаты сезіліп, ел онша қатты дамымады. Керісінше осы жылдардан кейін КСРО құлдырауға тап болып, жойыла бастады. Ал қазақ халқы үшін жаңа ақ парақ ашылып, Тәуелсіздіктің туы орнады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы мектеп баспасы 2 бөлім.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: Қт-9-04
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақстан тарихы

Облыс/қала (область/город): БҚО

Аудан (район): ____________________

Тегі (Фамилия): Тұрғали

Аты (Имя): Алижан

Мектеп (Школа): С.Сейфуллин ат №11 ДБАОММЛИ

Сынып (Класс): 9

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

# Кеңес жүйесінің өсуінен дағдарыс кезеңіндегі Қазақстан (1964–1985 жылдар)

(Эссе)

1. Бұл кезең – КСРО басшылығында Л.И. Брежнев отырған кезең. Тарихта қалған атауы – «Тоқырау жылдары».

Біздің қазақта «Аты өзгергенімен, заты өзгермейді» деген сөз бар. Сол сөз осы Совет үкіметіне айтылғандай-ақ, «Жылымық» болсын, «Тоқырау жылдары» болсын, бәрібір барлығы бір орталықтан басқару жүйесінен айнымай, ақыры тоталитарлық жүйенің тоқтамай, сәл жібісе де, әрі қарай жалғасуына әкеп соқты. Әлемдік аренада «Қырғиқабақ соғыс» та тоқтамай, соның салдарынан 1979 жылы Ауғанстанға совет әскері кіргізіліп, бұл жылдары елдің ішкі жағдайымен қоса, сыртқы жағдайы да оңып тұрған жоқ еді. Бұндай дағдарыстар кезінде ғылыми тұрғы бойынша әдетте алға қарай дамудың екі жолы бар: Экспрессивті және экстенсивті даму. Алғашқысы жаңа реформалар шығарып, халықтың өмірін жақсартып, тез даму болса (негізінен, дұрысы осы), екіншісі керісінше, ескінің түбінен қалмай, әйтеуір бір салқылдақ заңдардың арқасында өте баяу даму. Советтер елі әрине, екінші жолды таңдады. «Түп тамыры өзгермей, ағаш жемісін бермейді» дегендей, ақыры соның залалы Совет халқының өзіне, әсіресе біздің Қазақстанға өте көп тиді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

2. Бірақ, ең алдымен жағымды жақтарын қарастырып көрейік. Елімізде ұлттық кадрлар көтерілді (Дінмұхамед Қонаев, Жұмабек Тәшенов, Өзбекәлі Жәнібек және т.б.). Д.А. Қонаев екінші рет Қазақстанның бірінші хатшысы болған соң, еліміздегі әлеуметтік-саяси өмір едәуір дамыды. Бірақ бір нәрсе тоқтамады. Бұл - тоталитарлық жүйе.

1979 жылы елімізде Неміс автономиясы құрылуы керек болған. Төрт облысты (Көкшетау облысы ол кезде бөлек бір облыс болған) біріктірген бұл автономияның астанасы болып Ерейментау қаласы белгіленді. Менің ойымша, егер сол кезде Қазақстанда автономия құрылса, елімізге тәуелсіздік алып, "республика" атану қиынға соғар еді. Біздің қазақ жастары да соны түсініп, жаз ыстығына да қарамастан, автономия құруға қарсы шығып, қазіргі Астананың (ол кездегі Целиноград) төрінде бейбіт шеруге шыққан болатын. Осы жастардың жігерлі рухының арқасында елімізде автономия құрылмайтын болып, біз тағы бір "қатерден" аман қалдық.

Көріп отырғандарыңыздай, сол кездегі саяси өмір бәрібір "жоғарыдағылардың" қолында болды. Ештеңе ақылдасып шешілмеді. Барін бір кісі жасап, бұйрықпен қалғандарын да бағындырып отырды. Қысқаша айтқанда, бәрі бір нәрсеге келеді - Тоталитарлық жүйе сол кезде елімізде әлі де өз орнын жоғалтпады.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

3. Экологиялық мәселелер — еліміздегі ең аз айтылып, бірақ ең көп қауіп төндіретін мәселелер. Мәселен, соғыс бітіп, қанша бейбіт өмір болса да, Семей ядролық полигонында бомбалар жарылуы тоқтатылмады. Оның экологиялық, адамға залалдары өте көп: жер бедерлері бұзылды, ол жерлер өмір сүруге жарамсыз жерлерге айналды, радиация көп тарады, шала туу көбейді және т.б. Одан бөлек, "Капустин-Яр" полигоны тағы бар. Ол да тоқтатылған жоқ. Оның бәрі не үшін? Айдалада тұрған Американы "қырғиқабақ соғыста" жеңу үшін. Бірақ олар бұның қандай ауыр зардаптарға әкелетінін білмеді, дұрыс ұйымдастырмады. Тіпті мұны мүлдем ұйымдастырудың да қажеті жоқ еді. Америка өзектерін өртеп бара жатса, неге өз жерлерінде полигон жасамады? Ресейдің жартысы адам тұрмайтын бос жерлер ғой! Сонда неге қылмады? Менің ойымша, бәрі қасақана жасалды. Мақсаттары — қазақ жерін — сынақ алаңына айналдырып, бит-шытын шығару. Біле-білсеңіз, Семей жері — Абай, Мұхтарлардың туған жері. Бәрібір жарды. Тоқтамады. 500-ге жуық жарылыс болды. Бәрінен көп осының кесірінен зардап шеккен — әрине біздер, қазақтар. Одан бөлек, Арал мәселесі, оның тартылуы тағы бар. Бірақ енді ол табиғи апат. Бірақ оның алдын алып, суы тартылмайтындай қылып ұйымдастырып, керек шаралар жасауға болатын еді. Бірақ олай қылмады сум Совет үкіметі..



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

4. Совет кезінде халық қалы жақсарды, Қонаевтың басқару кезінде халыққа көптеп баспана берілді, "Медеу" мұз айдыны, "Той сарайлары" құрылды. Бұл да бір жетістік!
5. Тоқырау жылдары мәдениет, өнер, әдебиет өте қарқынды дамыды. Мәселен, Есенберлиннің "Көшпенділер", 1974 жылы КСРО Мемл. сыйлығын алған Ә. Нурпейісовтың "Қан мен тер" шығармасы, Бауыржан Момышұлының шығармалары әлемдік аренаға шығып көптеп танылды. Кино саласында да бұл жылдары "Менің атым Қожа", "Ақ орқесе", "Тақиялы періште", секілді фильмдер көрерменнің жүрегінен орын алса, оның режиссерлары — Ш. Айманов, А. Қарсақбаев көптеген жақсы жетістіктерге жетті.
Яғни, "Тоқырау жылдары" - қазақ тарихында елеулі орын алатын кезең. Бұл жылдары жағымды да, жағымсыз да ауытқулар жасалып, Қазақ елін әртүрлі күйге ұшыратты. Енді біздің мақсатымыз — осы жетістіктер мен тарихи шындықты аман сақтап, келер ұрпаққа аманат етіп жеткізу.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: ҚТ-10-01
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақстан тарихы

Облыс/қала (область/город): ______

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Есенгелдиева

Аты (Имя): Зарина

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин атындағы №11 ЖББОМ

Сынып (Класс): 10 - сынып

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақ тілі

XIV-XV ғасырлар қазақ халқының тәуелсіздік дәуірінің алғышарты болған-ұлы кезең. XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағында алып мемлекеттер: Алтын Орда; Ақорда; Көкорда; Моғолстан сияқты мемлекеттер болды. Жалпы Шығыс-Дешті Қыпшақ жерін мекендеген халықтың негізгі шаруашылығы мал-шаруашылығы еді. Көшпенді ел үшін ірі-қара; жылқы; түйе; ұсақ малдың маңызы жоғары еді. Себебі мал ал(ы) басты күн көрісі болып байлық көзі еді. Малдың етін тұтынып, сүтінен сусын жасап, жалғы шаруада көлігі болған малдың жоғары бағалануы бекер емес. (Мал) Малдың маңызын қазіргі өзінде қазақша белгілі „малды теппе" деген тыйым пайда болды. Бірақта басты шаруашылық мал шаруашылығы болсада Қазақстанның Жетісу; Оңтүстік аймақтарында егіншілікте сақталған еді. Сыр бойы; Іле алқаптарында бидай; тары; арпа сияқты дақылдар егілді. Әл-Үмари айтқандай „Олар көшпелі халық болсада, егін егеді". Бұл Қазақстан аумағындағы шаруашылықтың әр түрлілігін көрсетеді, аумақтарда кең болғанын дәлелдейді. Сондай-ақ өнер зергерлікті қостанулардың маңызын мола; зерата сияқты заттардың болуы олардың Өнертапқышылыққа бейімділігін көрсетеді деді.

Қосында айта кетсек, XIV-XV ғасырларда алып мемлекеттер болды. Жалпы ұлысы өзі үшке бөлінді. Бірі Көкорда (Ақорда), екі бірі Орда-Ежене (Ақ орда); Ал соңғы жер Батудың Шайбанға берген жері (Боз Орда). Жалпы XIV ғасыр (Ақ) Алтын Орда үшін жақсы кезеңдердің бірі емес еді. Тарихта белгілі 1359-1379 жылдарда 20 дан астам хан ауысты, бұның өзі елдің ішкі экономикасына тиген соққы еді. Ал Ақ Орда үшін бұл кезең керісінше, өзінің көтерілу кезі еді. Ақ Орданың есейген кезде есімдігі Ұрыс ханға аламыз. Ия міне осы тұлғаның тұсында елдің экономикасы (Орт) артта түсті. Кейінен Барақ хан ел ішінде

бедел артты, елдің оңтүстік жағдарының қатарына кірді. Біраз Қазақ жүзгі мемлекеттің соңғы жаны еді XV ғасырында Ақ Орданың орнында Әбілхайыр хандығы болды. Әбілхайыр хандығы не бәрі 40 жыл өмір сүргені мен елдің тарихы әлеуметін қалыптастыруға толы болды. Моғолы мемлекетінен соғыстар, міне осы жағдайлардың қарым-қатынас біздің Қазақ хандығымыздың құрылуына негіз болды. Есен бұғаның „менің жауымның жауы, менің досым" принципі еді елдің арасындағы қарым-қатынастардағы соғыстан өз олпағандығын көрсетеді. Әрине соғыстан-соғысқа аяқ басқан елдің әлеуметтік жағдайы да мәз болмады. Ел ішінде соғыстар себебі, халықтың тұрмысы нашарлап кетті. Экономиканың нашарлығы да халықтың жаппай қашуына әкелді не деп ойлаймын. Біраз тарихты сонауға болмайды.

Сол елдердің XV ғасырда (қ) (ж.) бас көтерген Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысына қазір саусақ. Жалпы XIV-XV ғасырда қалыптасқан хандық түрі XIX ғасырға дейін өз жалғасын тапты. Елдің билеушісі хан. (ал) Ханның беделі ел ордада жоғары болды. Ханнан кейін Ханның сенімді адамы уәзір тұрды. Жалпы уәзір атағын елдің жағдайын білетін зерек, тәжірибелі болды. Олар халық пен хан арасындағы елшідей болды. Өзі тентек жоқ болмасын елдің тыныштығын бұзбауды демесе, сот ісі де мемлекеттің құрылысына кірді. Сотты билер басқарды. Би сөзі ертедегі бек сөзіне ұқсас, оның бек сөзінен шыққан. Билер өз әділдігімен туралығымен, шешен қабілетті алуымен таңдалды. Билер әділдігімен Қазаққа қазірге дейін белгілі „Тура биде туған жоқ" деген нақыл қалыптасты. Билердің шешімін тыңдағаннан қазақ даласында билер соты XVIII ғасырға дейін жалғасты. Негізгі мазмұндары билер соты түріндегі. Елдің еңбегі (бол) әскердің қолында, ел басына қиын туғанда


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қолына қару алып жауға аттанған батырдың маңызы да мол еді.
Батыр – туғандарына берілмейтін тұлға. Жас баласында; кесір баласында
соғыста көзге түсіп ерлік көрсетсе батыр атағын (оның ұлы) алатын еді. Енді бір элементін мол қара халық. Халық – ол
мемлекеттің тұрғыны, мемлекеттің құрамы бөлігі. Сол себепті
халықтарды мемлекеттің әлеуметтік құрылымына енуі дұрыс деп
білемін. Енді қара халықты қоспайтын құлдарда болды. Құл болу
ол өз елін сатумен пара-пар, сондықтанда қазақта құл-күң,
қазақ-күң болудан қорыққан. Менің ойымша мемлекеттік
құрылымы ол басты мемлекет басқару жүйесі, сол себепті әр
(ру) тұтуының қазынасы мол мінезі маңызды.

Айта кеткендей, қалалардың басты белгісі ол, сол кездегі
базарының (жер) кең аумақты жер көлем болды. Оған қоса қала
жазы сонда сауда базары тұрғындар негізінен ауылдардағы мен
еді. Ауылдар ру; ұлыс бойынша бөлінді. Көбінесе бай ауылдар-
дың ауылы болып, ол отпаштық кедей-кепшіктер сол байлар-
дың ауылында өмір сүрді. Бірақ бұл қала өмірінің дамығанын
көрсетпейді. Керісінше қала мәдениеті жоғары дамыды. Оған
мысал: Отырар; Тараз; Сайрам; және [illegible] бойындағы қалалардағы алуы
көп болады. Қаланың дамуының біз осы X–XIV ғасырға жататын
Отырардан табылған ыдыс жүйесін (оюлары) жатқызса болады.
XIV ғасырдағы Тайқазаннан табылған мақамалар. Бұның өзі
қала мәдениетінің көркейгендігін көрсетеді. Испиджаб (Сайрам)
сол ғасырдың баулар қаласы болған. Мәдениеті дамыған
қалалар бұндай керемет жүйелерге бай болуы (шу) кімде
тұрғызады. Сондай-ақ ислам дінің XIV-XV ғасырға қарай молың
тараған қалалардағы медресе, мешіттер соның өзіне
қол негізі. Сайрамда XIV ғасырда жүзден


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором Қт-10-01



астам мешіт, он мыңға жуық медресе болған. Қала іші өз ішінен цитадель; шахристан; рабад болып бөлінеді. Бұл түйе жолы-ның сауда сатығынан өмір сүруіне жағдайы болды. Негізінде қала-лар ауыл шаруашылығымен ерте заманнан тұрақ дамыды. Қалалар әр түрлі шаруашылығы ~~на~~ пен мүдделердің ошағы болып, мәдениетінің ошағы, ал дамыған, көркейген қалалар қоғамның дамығанының көр-сеткіші. (бола ~~ед~~) (Осы) Негізінен қаланы дамытқан ол сауда жолдары еді. Ол кезде ед сауда-қатынастарының дамытқан керуен жолы „Ұлы жібек" жолы еді. „Жібек жолының" (қосқызы) ~~жолдарына~~ Қазақстан-ның негізгі аймақтарын өтіп сол жердегі қалалардың дамуына, әрі мәдениетінің жүруіне ықпал етті. Мысалы: Отырар сол кезде „Қоңыраулар қаласы" атанды. ~~&~~ Ол атау жайдан-жай берілмейді. Сондықтан Отырар қаласы сауда-сатығының орталығы болды деп есептей аламыз. Отырарға жолшыбай көп келген саудагерлер сауда жасас-ты. Осындай өзге әйгілінің орталығы болған қала Отырар. Отырардан Византияның алтын теңгелері табылған. Теңгенің бір жағында ~~Ко~~ I Юстиниан~~ның~~ның бейнесі, екі бір жағында крест бейне-ленген. Бұл сол кездегі қалалардың байлығының теңгелерінен байланысын көрсетеді. Одан бөлек Жетісу жерінен қытай дирхемдер; (алтын) алтын динарлар; мыс фельсторлар табылды. Теңіз-дің үстінен өткен керуен жолдарының Орта Азиялық арбітшенің өсуінде көре аламыз. Керуен жолдарының маңызы XV ғасырдың аяғындағы географиялық ашылуларға дейін жоғары деңгейде болды. Біздің одан кейінде керуен жолдар бірден тоқтап қалмады. Ол ~~жол~~ алып мемлекеттер арасындағы біртелеңбеген сауданы дамытып тұрды.

Қорытындылай келе, XIV-XV ғасырлар Қазақ хандығы кезінде Қазақстанда мекендеген ~~(тайпа)~~ мемлекеттер


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
Км-10-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 5

шейінде ұлы кезең болды. Сол кезеңде қазақтың ұстанымы шаруа-
шылығы өз маңызын жоғалтпады. Сондай-ақ көшпенділер елінің-
ті де қонар орын әрбірінің түрі бұл сарқыншақтың (көршілес)
мәдениетінің көрінісі деп білемін. Сондай-ақ Қазақ жерінде
мекен еткен мемлекеттердің өз ішіндегі әлеуметтік-эконо-
микалық қарым-қатынастары, біздің елдің қалыптасуына
айтарлықтай болды. Сол мемлекеттердің (Әмір) жиһангердің
құрылған кейіннен біздің болашақ тарихымызға әсер етті. (Ну-
сқа бұл) Алтын мемлекеттерден Ұлы Жібек жолының бәсеңдеу
жүйесі қазақ жеріндегі 5 ғасырдай екен болуға мүмкіндік
береді деп ойлаймын. Мемлекеттің тірегі халық, құрылысы
жолдағы деңгейі, (қалалардағы тұрғ) халықтың тұрған жерлері
мен қызметтері елдің экономикасына әсер етеді. Ал сауда
жолдар сол қызметі тоқтатып, экономиканың дамуының
бәсең кезі деп білемін. Яғни XIV-XV ғасыр „өтпелі ғасыр"
болды деп тоқтап болған ойлау қиын. Себебі бұл кезең саяси
әлеуметтік тарихтағы жиі болды. Кішкене біздің мемлекет
теріндегі өзің қатерлердің үшін бұл кезеңнің экономикалық
дамуы маңызды еді. XIV-XV ғасырдан кейін ~~Қаз~~ жаңа
толықтай болған Қазақ хандығы бар мемлекет. Сол себепті
Қазақ жерінің экономикасы ел құрылуының негізі болды деп
ойлаймын.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі**

**Районный этап Республиканской олимпиады для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам**

Қатысушылардың жұмыстарын шифрлауға арналған титул парағы
Титульный лист для шифрования работ участников

Шифр: Тт-10-02
*(бақылаушы толтырады)*
*(заполняет наблюдатель)*

Пән (предмет): Қазақстан тарихы

Облыс/қала (область/город): ______

Аудан (район): ______

Тегі (Фамилия): Кайрекенов

Аты (Имя): Бахтияр

Мектеп (Школа): С. Сейфуллин ат. ЖТ ДБАОММЛИ

Сынып (Класс): 10 сынып

Оқыту тілі (Язык обучения): қазақша

Тақырып: Қазақстанның XIV-XV ғасырлардағы экономикасы

XIV-XV ғасырлар Жібек жолымен және Орта Азиядағы қуатты елдермен байланысты. Ол кезде Моңғол шапқыншылығы бітіп, бағындырған ұлыстарға бөлініп бөлектеніп кетті. Жібек жолына келсек, б.з.б II ғасырда Хуанхэден бастау алған жол, ол кезде өзінің шарықтау шегіне жетті. Бұл жол мыңжыл бойы қарым-қатынас дәлізі болды. Қытай осы керуенді Азияға Еуропаны ал, Еуропаға Азияны көрсетті. Ең маңызды жолдар Түркі қағанатынан бері Орта Азияның елдерінде болды. Тарихшылар жібек жолын 3 кезеңге бөледі. Түркілік кезең ⇒ Моңғол шапқыншылығы кезеңі және ең соңғысы Әмір Темір кезеңі. Көріп тұрғанымыздай үш кезеңде де Орта Азияда үлкен мемлекеттер, қағанаттар болды. Бұл айта кетсек жібек жолының көмегі, себебі осы жоба болғанда Орта Азия елдері қуатты және алпауыт болды. Айта кетсек осы ғасырдың (XIV-XVғ) елдері: Ақ Орда; Алтын Орда; Моғолстан; Әмір Темір хандықтары өзара Орта Азияға соғысты. Ең соңында Түркілердің қорған-ышына түсіне айналған Әмір Темір XV ғасырға қарай екі алпауыт Ордаларды құлатып, кіші Азиядағы сельджуктарды ығыстырып, әлемдегі ең басты жібек жолы өзінің жиріміне алды. Бұл оны көрінерліне ең басты жау етіп көрсетеді.

XIV) Осы ғасырдың басы Алтын Орданың әлемдегі ықпалы мен дауын көбейтсе, (XV) Осы ғасырдың басы Әмір Темірдің жаулап алушы соғысымен басталады. Бұл ғасыр өте қозғауға толы және соғысқа көп қауым. Қазақстанның жерінде ол кезде көшпелілер билік еткен соң, барлық келешек жолы -және жол өткен елдердің бәрі империялылығымен тығыз жүйесі айналасты. Бұл біздің өркениетімізге айналды.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Мал шаруашылығы мен егіншілік. Ол кезеңде мал шаруашылығымен айналысатын елдер Орталық Азияда көп болды. Алтын Орданы мысалға алсақ, онда қыпшақ елі көп болды, тіпті қыпшақ тілінде мемлекеттің барлық азамат/шаруасы сөйледі. Олар біз білетіндей мал шаруашылығымен және көшіп-қонуды жақсы көрген. Еуропа да оларды қалай десе, ол Орыстар половецтер деген, себебі "поля" деген дала, сонда аударғанда далалықтар болады. Ата-бабадан қалған мұра секілді, Түріктерден мемл. Осы бір көшпелі әрекетті жақсы тоқтатпай, керісінше өршітіп алуға тырысты. [Мысалға айтып кетсек егіншілік пен отырықшы әмір сонымен Жетісу мен Оңт-Шығыс Қазақ жерлерінде қатты дамыды. Қарлұқ болсын, Оғыз болсын Жетісу жерінде егіншілікті дәріптеп, қалалар салып, сол жерді түбімен отырықшы жамаққа айналдырды. Содан жылдар өтіп, шапқыншылықтар болып, осы жер Шағатай ұлысына түседі. Екіге бөлінген Ұлыс (Батыс - Әмір Темір; Шығыс - Моғолстан) мемлекеттерін құруды бастайды. Ең бірінші хан болған Тоғылық хан елді мекендегі (Жетісу, Оңт-Шығыс Қаз.) отырықшы әрекетті құратып, елге өзі қалағандай көшпелі-мал шаруашылығын алып келеді. Алмалық қаласы астана қалып, қалған отырықшы заманындағы қалаларды (Тараз; Испиджап; Сұяб) дамытпай елді мекендегі шаруашылықты 180° градусқа ауыстырады.

Қорытындылай кетсек, Орта Азиядағы басты шаруашылық әрқашанда шаруашылығы болу керек, себебі бұрыннан келе жатқан "Ұлы Жібек жолында" созылған көпестер қалаларды бір мезетте бағынбай қалды. Таразда мысалға су құбырлары болған, Сұяб пен Испиджаб (Ақ өзендегі қала) өзінің жемісімен көп Араб тұрғын-дарымен айналасындағыларды таңғалдырған.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Алайда Түркілер өз түркілігін жасап, елді-мекендегі ішкі шаруашылықты мамандыруашылығын сипаттады. Сонымен XIV-XV ғасырларда бізге көбіне көп мамандырушылығы жиылып болды, өйткені ~~жалпы~~ ұлттың бір ішіністік оқушымыз өзі түркілік өркениетпен жалғасады. Тіпті бұрыннан келе жатқан ошақтар "Ұлы Жібек" жолында салынған Қазақ қаласының ығыстырылды. (Хорезм; Соғды; Шаш; Бактрия).

· Әлеуметтік-экономикалық қатынастар. 1300ж жылдар Алтын Орданың қуатты кезеңі. Мысалға айтсақ Өзбек ханның билік еткен жылы 1312ж. бастап мемлекетіміз мұсылман дінін мемлекеттік дінге қойды. Сонымен әлеуметтік тұрғыда халық бір дінге ауысып, мұсылман желімен бірікті. Оған дейін Берке хан ислам дінін ұстанып, келесі алып мемлекетпен тіл табысты. Менің айтуым Мысыр елі және Бейбарыс ~~хан~~ сұлтан. Ол осы жолы Алтын Орда мен тұспа-тұс билік етті. Олардың достығы жай болған жоқ, Берке хан Мысыр елімен жақсы қарым-қатынасты болып, тіпті тауар алмасып бірін-біріне қол ұшын созып отырды.

Қазақстандағы сол кездегі мемлекеттер негізінен жақсы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды болды. Ал XV ғасырдың басы оның бәрін бұзған Әмір Темір еді. 1391жж. және 1395ж. Алтын Орданы жиі Тохтамысты екі рет жеңеді, бұл жорықтар Алтын Орданы түгелдей әлсіретіп, ел: Қазан х.; Сібір х.; Астрахан х.; Ноғай о; ~~[illegible]~~ [illegible]) секілді елдерге бөліп тастайды. Батыс Дешті Қыпшақта 4 ел пайда болып, елдің әлеуметтік-экономикасы әлсірейді. Оған қоса Әмір Темірдің басқыншылығынан кейін "Ұлы Жібек" жолы дамымай, ең соңында



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Теңіздер мен порттарға алынысуды. Ноғай Ордасының жұртқасы және қалған 3 ел осы соңында Ресейге бағыныштысы болып қалды және үштіргісі мемлекеттер арасында бұрынғыдай достық қарым-қатынас басталды.

Қысқасы бұл ғасыр негізінен Әмір Темір мен байланысты. Оның шапқыншылықтары мен Түрік елінің бөлуі әлеуметтік экономикалық осы соңында әсер етті. 1405ж. дейін Әмір сүре ол "Ұлы жібек" жолының өшпеуіне тырысада, ол өлгеннен кейін теңіз жолдары Орта Азияға және Алтын Орданың орынбасарларына дағдарысқа алып келуі.

